aceline

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Aceline DRP-1500OSC үрлемелі жылытқышы

Құрметті сатып алушы!

Сізге «Aceline» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.
Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты


Үрлемелі жылытқыш үй-жайларды ішкі жылытуға арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны қуат көзіне қоспас бұрын үйіңіздегі электр желісі кернеуінің техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Қуат кабелін құрылғының ыстық бөлігінен мүмкіндігінше алыс ұстаңыз.
3. Құрылғыны ванна бөлмесінде, душта немесе бассейннің жанында пайдаланбаңыз.
4. Құрылғыны ваннаға немесе суы бар ыдысқа құлап кетуі мүмкін жерлерге қоймаңыз.
5. Құрылғы қосулы және жұмыс істеп тұрған кезде құрылғының бетін және басқару блогының бетін дымқыл қолмен немесе дененің кез-келген мүшелерімен ұстамаңыз.
6. Қызып кетуді болдырмау үшін құрылғыны жаппаңыз.
7. Жұмыс істеп тұрған құрылғының үстінде киімді кептірмеңіз.
8. Ықтимал өрттің алдын алу үшін ауажинағыштың және шығыс саңылауларды алдын бөгемеңіз. Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, оны таза, құрғақ жерде орналастыру керек.
9. Құрылғының жұмысында кез келген ақаулар табылғанда оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және уәкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз.
10. Құрылғыны тек үй жағдайларында пайдалануға рұқсат етіледі.
11. Құрылғыны ұзын түкті кілемде орналастырмаңыз.
12. Құрылғыны пайдалану уақытында оны тегіс бетке қойыңыз.
13. Тұтануды болдырмау үшін құрылғыны перделер мен шымылдықтардың қасында орналастырмаңыз.
14. Жұмыс істеп тұрған құрылғыны розетканың астына қоймаңыз.
15. Жұмыс істеп тұрған құрылғыны жеңіл тұтанатын сұйықтықтардың қасында орналастырмаңыз.
16. Құрылғыны жылжытқан кезде ашаны розеткадан суырып алыңыз.
17. Құрылғыда көзге көрінетін зақымдаулар табылған болса, оны пайдаланбаңыз.

18. Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған.
19. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
20. Құрылғыны жұмыс істеп тұрған күйінде қараусыз, сондай-ақ Сіз ұйықтап жатқанда қалдырмаңыз.
21. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін үрлемелі жылытқышпен қатар қуатты электр құрылғыларын қоспаңыз.
22. Үрлемелі жылытқышты қосқан кезде ұзартқышты пайдаланбаңыз, өйткені бұл өрт қаупін тудырады.
23. Құрылғы қандай да болмасын тұрақты бекітуді қажет етпейді.


Құрылғы сұлбасы



1. Артқы тор.
2. Алдыңғы тор.
3. Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқыш.
4. Температураны реттегіш.
5. Құрылғы құлаған жағдайдағы автоматты ажыратқыш.
6. Тасымалдауға арналған тұтқа.
7. Қуат кабелі.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Үрлемелі жылытқышты тегіс тұрақты бетте орналастырыңыз.
2. Дұрыс жұмыс істеуі үшін құрылғының желдетілуі жеткілікті болуы тиіс. Құрылғының бүйірлерінен кедергіге дейін кем дегенде 50 см қалдыру керек. Құрылғының желдеткіш саңылауларының алдын бөгемеңіз.
3. Үрлемелі жылытқышты электр желісіне қосыңыз.
4. Қажетті қыздыру деңгейін орнату үшін термостаттың тетігін сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
5. Ауыстырып-қосқышты қажетті режимде орнатыңыз:
   - : салқын ауа.
   - I: қыздырудың орташа деңгейі.
   - II: қыздырудың жоғары деңгейі.
6. Құрылғыны өшіру үшін ауыстырып-қосқышты "0" күйіне орнатыңыз.



Назар аударыңыз:

- Құрылғыны қоспас бұрын оның барлық қаптама материалдары шешіліп алынғанына көз жеткізіңіз.
- Алғаш рет пайдаланғанда немесе ұзақ үзілістен кейін қосқанда жағымсыз иіс немесе аз мөлшерде түтін пайда болуы мүмкін.
  Бұл қалыпты жағдай. Үй-жайдің желдетілуін қамтамасыз етіңіз.
- Жұмыс кезінде құрылғыны еңкейтпеңіз немесе аудармаңыз.

Күтім және тазалау

- Тазалау алдында құрылғыны әрқашан электр желісінен ажыратып, суытыңыз.
- Жылытқыштың торларын құрғақ матамен сүртіңіз.
- Қандай да болмасын жуғыш құралдарды және қажақ заттарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғының ішіне су мен шаңның түсуіне жол бермеңіз.

Сақтау

- Сақтауға қояр алдында әрқашан құрылғыны сөндіріп, толық суытыңыз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, оны пайдаланушы нұсқаулығымен бірге түпнұсқалық қаптамасына салыңыз және құрғақ, желдетілетін жерде сақтаңыз.
- Құрылғыны шаңды ортада сақтаудан аулақ болыңыз.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері

Проблема	Ықтимал себеп	Шешім
Қыздыру жоқ.	Электр қуат беру ашасының нашар түйісуі.	Электр қуат беру ашасының қуат беретін розеткаға қосылуын тексеріңіз.
	Қыздыру режимі таңдалмаған.	Ауыстырып-қосқыштың көмегімен қыздыру режимін таңдаңыз.
	Үй-жайдағы температура термостатпен орнатқаннан жоғары.	Термостатпен жоғарылау температураны (қыздыру дәрежесін) орнатыңыз.
Алғаш рет қосқан кездегі иіс.	Ақаулық болып табылмайды.	Жұмыс басталғаннан кейін бірнеше минут күте тұрыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, дайындаушының және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С және 40 °С аралығындағы температурада және ауаның 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны сату РФ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес әрі қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктінде кәдеге жаратылуға өткізілуі тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын-алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: DRP-1500OSC.
- Атаулы қуат: 1500 Вт.
- Желі параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қорғау сыныбы: II.
- Жылыту ауданы: 15-20 м^2.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цыси Фэнри Электрикал Эпплайенсис Ко., ЛТД.
№ 3, Синпу даңғылы, Хуанпу, Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.
Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:
- «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011;
- «Төмен вольты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы көрінісі және оның сипаттамалары алдын ала хабарландырусыз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.
Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарландырусыз өзгертілуі мүмкін.

v.1

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

Жазбалар үшін

Кепілдік талоны

SN/IMEI:

Кепілдікке қойылған күні:

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.
Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
https://www.dns-shop.ru/service-center/

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дисктердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.

Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.

- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсыныстарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен түйіндестірілген бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, ақылақтық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: бұйымды пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ тұлғалардың рұқсатсыз жөндеуінің, бөгде модификацияның іздері бар. Егер ақау бұйым құрылымының немесе сұлбасының өзгеруінен, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдаланудан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғат апаты, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымдаулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құралдың; БҚ жеткізушісінің осы қызметті ұсынбауына байланысты оларды арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымдаулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қолданбаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен түйіндестіріліп жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.


aceline